



**«Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси
жағдайды зерттеу»
2016 жылдың 3 тоқсаны**

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша сараптамалық есеп

Астана, 2016

Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу, 2016 жылдың 3 тоқсаны / Изучение общественно-политической ситуации в молодежной среде, 3 квартал 2016 года / Аюпова Р.Р., Аубакирова Ш.К., Казтаева С.С., Киалбекова А.Г. – Астана: «Молодежь» ГЗО, 2016. – 204 с.

Бұл баяндама Қазақстан Республикасы жастары арасындағы қоғамдық-саяси жағдайға қатысты эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелерінен тұрады. Зерттеу «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген. Баяндамада әлеуметтік өзін-өзі сезіну, азаматтық белсенділік пен жастар арасындағы діндарлықтың сұрақтары қарастырылған.

Данный доклад содержит результаты эмпирического социологического исследования общественно-политической ситуации в среде молодежи Республики Казахстан. Исследование было проведено Научно-исследовательским центром «Молодежь». В докладе рассмотрены вопросы социального самочувствия, гражданской активности, религиозности молодого населения страны.

Научно-исследовательский центр «Молодежь»
010000, Республика Казахстан,
г.Астана, пр.Б.Момышулы, 19а
Тел.: +7 /7172/ 79 25 45

Мазмұны

1. Зерттеу бағдарламасы	4
1.1 Зерттеудің өзектілігі мен негіздемесі	4
1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері	5
1.3 Зерттеу болжамдары.....	6
1.4 Негізгі ұғымдардың түсіндірмесі	6
1.5 Зерттеудің технологиялық бөлімі	7
2. Жастардың әлеуметтік-экономикалық көңіл-күйлері.....	10
2.1 Патриотизм деңгейі.....	10
2.2 Өмір сүру деңгейіне қанағаттану.....	13
2.3 Жастардың өзекті мәселелерінің рейтингісі.....	21
2.4 Жастар арасындағы әлеуметтік шиеленістің деңгейлері мен себептері.....	23
2.5 Жемқорлық деңгейін бағалау.....	27
Бөлім бойынша қорытынды	33
3. Жастардың білімі мен жұмыспен қамтылуы.....	35
3.1 Жастар арасында кәсіби өсу және жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін бағалау	35
3.2 Білім беру реформаларын қолдаудың деңгейі	36
3.3 Білім беру сапасына қанағаттану.....	37
Бөлім бойынша қорытынды.....	39
4. Мемлекеттік жастар саясатын бағалау	40
4.1 Мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттану деңгейі.....	40
4.2 Жастар арасында қоғамдық-саяси белсенділіктің деңгейі	42
4.3 Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру	47
Бөлім бойынша қорытынды.....	52
5. Жастар ортасындағы діни жағдайды бағалау.....	53
Бөлім бойынша қорытынды.....	58
6. Жастар демалысының сапалылығы	59
Бөлім бойынша қорытынды.....	62
Қорытынды	63
Қосымша.....	65

I. Зерттеу бағдарламасы

1.1 Зерттеудің өзектілігі мен негіздемесі

Қазақстандағы жастар мәселесі бірнеше оңжылдық бойы әлеуметтік саясат пен практикадағы ең өзекті мәселердің болып қала беруде. Жастар бірегей әлеуметтік қоғамдастық ретінде екі түрлі әлеуметтік жағдайда қалып отыр: бір жағынан, ол әлеуметтік әлсіз топтардың бірі болып табылса, екінші жағынан, жетекші орындарға иеленеді, өйткені, жас адам өзінің табиғаты бойынша жаңа дегеннің бәрін қабылдап, дәстүрлі емес инновациялық шешімдер жасауға бейім болып келеді.

Ақырғы онжылдықтар ішінде жастардың әлеуметтік топ ретіндегі негізгі қасиеттері мен сипаттамалары айтарлықтай өзгеріске ұшырады: мұндағы мәселе мәдени-тарихи дәстүрлердің әлсіреуі, ұрпақаралық сабақтастықтың жоғалуы, жастардың соны игеруге деген құлшынысының жоқтығында ғана емес, ал білім беру мен тәрбиелеу жүйелерінің дағдарысына байланысты болып келеді. Жыл сайын тар білімді мамандыққа иеленіп шығатын, жалпы ойлап-толғау қабілеттерінен жұрдай, өзін қоршаған әлемнің ажырамас бөлігі ретінде сезінбейтін, жасаған әрекеттері үшін жауапкершілік танытпайтын «қағаз жүзіндегі көзі ашықтардың» қатары өсіп келеді.

Екінші мәселе осы әлеуметтік шынайылықтың шеңберіндегі практикалық қызмет пен әлеуметтік рөлдерді іске асыруға қажетті дағдылар мен ұстанымдарды қалыптастырушы қоғамдық және мемлекеттік институттардың мақсаттылы ықпалдарының жүйесі ретіндегі тәрбиелеу үрдісінің дағдарысымен байланысты болып келеді.

Сонымен қатар әлеуметтанушылар Қазақстанның түрлі аймақтарындағы жастардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің жақсаруын байқап отыр. Ол өз кезегінде орынды жүргізілген әлеуметтік саясаттың нәтижесі ретінде бағалануда. Қазақстандық әлеуметтанушылардың ақырғы зерттеулері жастардың басқа әлеуметтік-демографиялық топтармен салыстырғанда аталмыш қаржылық-экономикалық дағдарыс жағдайындағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің жоғары деңгейін көрсетіп отыр. Дегенмен, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің жақсаруымен қатар зерттеушілер «жастардың біршамасында әлемнің сипаттамасына қатысты нақты бір түсініктің, құндылықтар, нормалар, ұстанымдар жүйесінің жоқтығын, санадағы анық қарама-қайшылықтардың көрінісін» белгілеп отыр.

«Символикалық тұтынудың» үлгісіне қарағанда басқаша ұйымдастырылған қызмет түрлері мен өмірдің тартымды үлгілерін сезіне алмай, жастар «нарық фетишизациясының» құрбандары мен жақтастарына айналады. Бұл өз кезегінде жастардың қабылданып жатқан шешімдері үшін жеткілікті жауапкершілік танытпауына, оны сыртқы жайттарға итере салуына әкеліп соқтырады. Қазіргі адамның санасында қарама-қайшы ұстанымдар мен құндылықтардың көрінісі айқын байқалады. Қоғамдық санада бір-бірін жоққа шығарушы бағдарлар қалыптасып, өрістеп, дамып келеді.

Жастардың өзі көп жағдайда бұл қарама-қайшылықты шеше алмайды, өйткені, өздерінің өмірлік келешектеріне қатысты жалған, шынайылыққа

жатпайтын иллюзиялар арбауында болып келеді. Жастардың санасында шынайы мәселелердің себептері ойлануды талап етпейтін, когнитивті талпыныстарды төмен деңгейге түсіріп тастайтын симулякр және стереотиптермен алмастырылады.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін жастар ортасындағы жағдай, жастардың қажеттіліктері мен үміттері, олардың елде болып жатқан қоғамдық-саяси үрдістерге қатысты әрекеттері туралы өзекті ақпаратқа иелену керек. Осыған негізделе отырып, қазақстандық жастардың қазіргі жағдайын тексеру және бақылау мақсатында жүйелік негізде әлеуметтанулық және сарапшылдық зерттеулерді жүргізу керек.

1.2 Зерттеу мақсаты мен міндеттері

Аталмыш зерттеудің мақсаты Қазақстан жастарының әлеуметтік өзін-өзі сезінуін зерттеу, оның негізгі қажеттіліктерін анықтау және әлеуметтік практикаларын талдау болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерді шешу қажет:

- Жастар ортасындағы негізгі қажеттіліктерді ашып көрсету;
- Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды бағалау;
- Өзекті әлеуметтік мәселелердің рейтингісін анықтап шығару;
- Жастардың өз өмір деңгейіне, материалды жағдайына қанағаттану деңгейін анықтау;
- Жастардың наразылық көңіл-күйінің деңгейін анықтау;
- Жастар ісі бойынша Кеңестердің, Жастар ресурстық орталықтарының, Жастар саясаты департаментінің және басқа да жастар ұйымдары қызметінің тиімділігін бағалау;
- Жастар ортасындағы діни жағдайдың деңгейін бағалау;
- Жастар ортасындағы миграциялық көңіл-күйді анықтау;
- Мәдени-демалыс шараларымен қанағаттану деңгейін анықтау;
- Аймақтардағы жастар ортасында болып жатқан жағдайларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тұрақтандыруды қамтамасыз ету бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыныстар жасау.

Зерттеу объектісі әлеуметтік-демографиялық және территориалды сипаттамаларын көрсететін параметрлер бойынша таңдалған Қазақстан Республикасының 14-29 жас аралығындағы (жастар) халқы болып табылады.

Зерттеу пәні – жас қазақстандықтардың әлеуметтік өзін-өзі сезіну, көңіл-күйлері мен қажеттіліктері туралы көзқарастарын зерттеу.

1.3 Зерттеу гипотезасы

Жастардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге байланысты болып келеді. Қала жастары өмірдің көптеген көрсеткіштері бойынша қанағаттанудың жоғары деңгейіне ие болып келеді. Ал ауыл жастары жұмыспен қамтылу, жоғары және кәсіби білім алу, баспанамен қамтылуға қатысты қиыншылықтарға жиі ұшырайды.

Жастар осы өмірде өз-өздерін іздеп, өмір сүрудің жақсы жағдайларын тапқысы келеді.

Қазіргі таңда жастар ортасындағы наразылық көңіл күй орташа деңгейде. Бірқатар облыстардың жастары ықтимал әлеуметтік наразылықтың жоғары деңгейін көрсетіп отыр. Оларға өз кезегінде наразылық акцияларына қатыса алмау жайттары емес, ал материалдық жағдаймен, тұрғылықты мекендегі әл-ауқаттылықтың деңгейіне қанағаттанбау жағдайлары әсер етіп келеді.

1.4 Негізгі ұғымдардың түсіндірмесі

Жастар – қоғамдағы өзінің жастық шеңберлері және статусымен ерекшелінетін ерекше әлеуметтік-жастық топ болып табылады: балалық пен жасөспірімдіктен әлеуметтік жауапкершілікке өту. Кейбір ғалымдар жастарды жас адамдардың біртұтастығы деп түсініп, қоғамның олардың әлеуметтік қалыптасу әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беріп, жеңілдіктер жасап, сонымен қатар әлеуметтің белгілі бір салаларында белсенді қатысу мүмкіндігінде шектей алады деп ойлайды.

Қажеттілік – бір нәрсенің жетіспеушілігін психологиялық немесе функционалдық тұрғыдан сезінудің ішкі қалпы, жағдайға байланысты көрініс табады.

Адамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуі қоғамдағы әлеуметтік игіліктер, олардың қалыптасуы мен таратылу жүйесінен пайда болатын әлеуметтік қажеттіліктердің қанағаттану деңгейімен анықталады. Ол сонымен қатар қандай да бір адам үшін осы әлеуметтік жағдайлардың қолайлы болу дәрежесі, яғни оның өзіндік тәжірибесінен қалыптасатын қоршаған орта туралы субъективті көзқарасы болып табылады.

Жастардың әлеуметтік тәжірибелері жастардың күнделікті өмірдегі қоғамдық маңызы бар сұрақтарға қатысты шешім қабылдау үрдісіне қатысу, қабылданған шешімдердің нәтижелері үшін жауапты болу ниеттері мен құқықтарын, сонымен қатар әлеуметтік ортаға демократиялық әдістермен әсер ету құқығын іске асыруға бағытталған әдетті әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Құндылықтық бағдарлар – адамның санасымен стратегиялық маңызды мақсат түрінде қабылданатын құндылықтар мен жалпы дүниетанымдық бағдарлардың көрініс табуы.

1.5 Зерттеудің технологиялық бөлімі

Іріктемелі жиынтықтың көлемі 2 000 респондентті құрайды. Әлеуметтанулық зерттеуді жүргізудің территориясы – Қазақстан Республикасының барлық аймақтары мен республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық, сонымен қатар ауылды мекендер. Зерттеуде стратификацияланған көпсатылы іріктеме қолданылған. Алдымен, халықтың жалпы санынан, облыстар мен республикалық деңгейдегі қалалар бойынша іріктемелік жиынтық еліміздің 14 аймағына бөлінген. Кейін әрбір облыс бойынша қала және ауыл іріктемесінің көлемдері анықталды.

Кесте 1. Жоба бойынша іріктемелі жиынтық, адам

	Жалпы адамдар саны			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жынысты	Еркектер	Әйелдер	Екі жынысты	Еркектер	Әйелдер	Екі жынысты	Еркектер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1004	996	1136	567	569	863	441	422
Ақмола облысы	78	40	38	36	19	17	42	22	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	19	19
Алматы облысы	215	110	105	50	26	24	165	84	81
Атырау облысы	68	34	34	31	16	15	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	72	37	35	35	18	17	37	19	18
Жамбыл облысы	121	61	60	48	25	23	73	38	35
Қарағанды облысы	150	76	74	118	60	58	32	16	16
Қостанай облысы	96	48	48	50	25	25	46	23	23
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	34	17	17	39	20	19
Оңтүстік Қазақстан облысы	341	173	168	149	76	73	194	98	94
Павлодар облысы	79	40	39	55	28	27	24	12	12
Солтүстік Қазақстан облысы	56	29	27	25	13	12	31	16	15
Шығыс Қазақстан облысы	146	75	71	91	46	44	55	28	17
Астана қ.	104	50	54	104	50	54	-	-	-
Алматы қ.	211	98	113	211	98	113	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша

Бұл зерттеуде бақылаудың бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңнен өтті: іріктеудің ықтималды дизайны пайдаланылады. Іріктеудің ықтималды дизайны кез-келген адамның (14-29 жас аралығында) жиынтық шеңберінде талдау үшін таңдалудың барлық теңдей мүмкіндіктеріне иеленеді. Стратификацияланған көпсатылы іріктеу пайдаланылады. Мысалға, негізгі кабаттар ретінде келесілерді қарастыруға болады:

1 саты. Облыс бойынша іріктеу – облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жасы 14-тен асқан халқының санына қарай елдің 16 аймақтары, Астана және Алматы қалалары, 14 облыс орталықтары бойынша іріктеу көлемдері анықталған.

2 саты. Қала-ауыл қағидасы бойынша іріктеу – әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеудің көлемдері есептеліп шығарылған.

3 саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әрбір елді мекеннің шеңберінде бағыттың бастапқы нүктелері мен респонденттер саны кездейсоқ анықталады.

Бастапқы нүктелерді іріктеу

Қаладан бірнеше бастапқы нүктелер таңдалады. Бастапқы нүкте – нақты мекен-жай – көше мен үйдің нөмері (мысалға, Республика даңғылы, 15 үй. 5 пәтер). Сол жерден бастап үй шаруашылықтарын іріктеу үрдісі басталады. Бастапқы нүкте Бағыт парағында тіркеліп, оған нөмер тағайындалады. Бастапқы нүктелердің саны аймақтар санымен бірдей болуы тиіс. Таңдалған учаскілер қаланың түрлі жерлерінде болуы тиіс (мысалы, бір аймақ орталықтан, екіншісі базар айналасында, үшіншісі темір жол вокзал ауданында). Әрбір бастапқы нүктеден бастап интервьюер ережеге сай бағытпен жүріп отырады. Зерттеуде пайдаланылатын Бағыт парақшаларының саны бастапқы нүктелердің санына тең болуы тиіс.

4 саты. Үй шаруашылығын іріктеу – ережеге сай бағыт бойынша бастапқы нүктеден бастап сол жағындағы үй шаруашылықтары іріктеледі.

Бағытты анықтау

1. Қаладағы немесе ауылдағы бастапқы нүктенің мекен-жайы анықталады.

2. Осы сауалнамаға қатысатын үй шаруашылықтарының іріктемесі құрылады. Әрбір нүктеге сауалнамалардың белгілі бір саны беріледі, мысалға, бір аймаққа 10 сауалнама. Бір аймақтан іріктелген үй шаруашылықтарының саны осы аймақта таратылуы тиіс сауалнамалардың санына байланысты болып келеді. Бір аймақтағы үй шаруашылықтарының саны сол аймаққа арнайы бөлінген нәтижелі сұхбаттардың санынан 40 пайызға көбірек болу керек. Мысалға, бір аймақта 10 сауалнама, ал оларды толтыру үшін 14 мекен-жайды пайдалануға болады.

Қадам түрін анықтаймыз: қалалық елді мекендер үшін қадам төртке тең болады (яғни, әрбір төртінші пәтерге кіру керек), ауылды елді мекендер үшін (яғни, әрбір екінші үйге кіру керек).

Қалалық елді мекендер үшін үй шаруашылықтарын таңдау ережесі осындай болмақ. Бастапқы нүктеден бастап интервьюер кіреберіс пәтерлерін 4 қадаммен аралап шығып, әрбір таңдалған пәтерді бағыт парақшасына жазып алады.

Егер сауалнама ауылды жерде жүретін болса, онда үй шаруашылықтарын іріктеу ережесі сақталынады. Бірақ бұл жағдайда пәтерлер емес, ал жер үйлер сұралады. Үй шаруашылығын бағыт парақшасына

тіркегеннен кейін біз 1 үй шаруашылығын тастап кетіп отырамыз.

«Сол қол» ережесі. «СОЛ ҚОЛ» ережесі бойынша бағытпен жүре отырып, интервьюер төртбұрыштап жүріп, көшелерді қимай, жолдарды өтпейді.

5 саты. Квота бойынша респонденттерді іріктеу – әрбір үйден респонденттер жыныстық және жастық квота бойынша іріктеледі, респонденттің жасы 14-тен төмен және 29-дан жоғары болмауы тиіс, сонымен қатар жыныс ерекшеліктері репрезентативті болу керек (сұралатын ерлер пен әйелдер саны ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сай облыстар, қала және ауылды мекендер бойынша есептеліп шығарылады).

Іріктеме репрезентативті болып табылады, яғни респонденттердің құрамы алынған параметрлер бойынша жалпы жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақындайды (Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша). Бұл жағдайда іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамалары жалпы жиынтықтың орташа сипаттамаларынан $\pm 3,5\%$ ғана ауытқуы тиіс.

Ақпаратты жинау әдісі

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ақпаратты жинаудың сандық әдісі, яғни респонденттен интервью алу арқылы сауалнаманы қолдана отырып, жаппай сұрау жүргізу қолданылды.

Ақпаратты жинау әдісі ретінде «face to face» әдісін қолдана отырып, жастарға жаппай сауалнама жүргізу болып табылады. Бұл әдіс Қазақстан жастарының арасындағы жағдай туралы неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік практикаларын анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген жаппай сауалнама нәтижелерінің негізінде белгілі бір нақтылық дәрежесімен бұқаралық әрекет туралы болжам жасалады.


Жаппай сауалнама шеңберінде ақпарат жинау респонденттердің мекен-жайы (пәтерлік сұрақ) немесе оқу/жұмыс орны (жедел іздеу мен мақсаттылы топқа неғұрлым жақын болу үшін) бойынша жүргізіледі. Жаппай сауалнаманың артықшылығы ұзақ интервью жүргізуге және интервьюерлердің жұмысын бақылаудың жеңілдігіне негізделеді. Пәтерлік сұрау әдістің қиыншылықтарына респонденттердің сенімсіздігі мен байланысқа түсуден қашуы жатқызылады. Бұл қиыншылықтардың интервьюерлердің жоғары дәрежедегі біліктілігінен еңсерілетінін атап өтейік. Аталмыш қағида бойынша құралған сауалнама бірнеше кезеңнен тұрады. Интервьюер жоба супервайзерлерінің инструкцияларына сай жүреді. Бұл жағдайда олардың қолындағы бағыт парақшаларына сауалнаманың мерзімі, уақыты, мекен-жайы, интервью саны, сәтті немесе сәтсіз кездесулер, респонденттердің байланыс телефондары жазылуы тиіс.

II. Жастардың әлеуметтік-экономикалық көңіл-күйлері

2.1 Патриотизм деңгейі

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай сұралған жастардың (диаграмма 1), 96,7% Қазақстан азаматтары болып табылатындығымен мақтан тұтады (77% – толықтай, 19,7% – дәлірегі иә). Тек 2,7% ғана теріс жауап берді, ал 1,1% – жауап беруге қиналды.

Диаграмма 1. Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізге мақтан тұтасыз ба? (%)



Қазақстан азаматы болу мақтанышы сұралғандардың жынысы (кесте 2) мен жасына байланысты болып келмейді (кесте 3). Алайда бұл көрсеткішке этностық фактор әсер етеді (кесте 4): ол қазақ жастары (97,8%) және өзге ұлттар тобында (97,3%) жоғары, ал орыс жастары тобында төменірек болып келеді (91,8%).

Кесте 2. Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізге мақтан тұтасыз ба? (жыныстық белгі бойынша, %)

	Ер адамдар	Әйелдер
Иә, мақтан тұтамын	77,6	76,3
Дәлірегі мақтан тұтамын	19,3	20,1
Дәлірегі мақтан тұтпаймын	1,4	2,1
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,3	0,8
Жауап беруге қиналамын	1,4	0,7
Иә, мақтан тұтамын	77,6	76,3

Кесте 3. Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізге мақтан тұтасыз ба? (жас ерекшелігі бойынша, %)


	14-тен 18 жасқа дейін	19-дан 23 жасқа дейін	24-тен 29 жасқа дейін
Иә, мақтан тұтамын	81,5	79,0	72,7
Дәлірегі мақтан тұтамын	15,9	18,2	23,0
Дәлірегі мақтан тұтпаймын	1,6	1,1	2,3
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,2	0,6	0,7
Жауап беруге қиналамын	0,8	1,1	1,2

**Кесте 4. Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізге мақтан тұтасыз ба?
(ұлттық белгі бойынша, %)**

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Иә, мақтан тұтамын	82,2	52,8	81,9
Дәлірегі мақтан тұтамын	15,6	39,0	15,4
Дәлергі мақтан тұтпаймын	1,2	3,7	2,0
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,3	2,0	0,0
Жауап беруге қиналамын	0,7	2,5	0,8

Жоғарыда келтірілген мәліметтер «Өзіңізді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?» сұрағының жауап нәтижелеріне сай келеді (диаграмма 2): 97,6% қалыпты жауап берді (68,4% –иә, 26,2% –дәлірегі иә). Көрсетілген дәлелдер қазақстандық жастардағы патриотизмнің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

Диаграмма 2. Өзіңізді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе? (%)



Бірінші сұрақ секілді, өз елінің патриоты деп сезінуге жыныс (кесте 5) пен респонденттердің жасы (кесте 6) әсер етпейді, бірақ, ұлттық белгі әсер етеді: қарастырылып отырған көрсеткіш орыс тобында төменірек болып келеді (89,6%, кесте 7).

**Кесте 5. Өзіңізді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?
(жыныстық белгі бойынша, %)**

	Ер адам	Әйел
Иә, есептеймін	69,5	67,2
Дәлірегі иә	26,0	26,4
Дәлірегі жоқ	2,7	3,4
Жоқ, есептемеймін	0,1	1,2
Жауап беруге қиналамын	1,6	1,9
Иә, есептеймін	69,5	67,2

**Кесте 6. Өзіңді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?
(жас ерекшелігі бойынша, %)**

	14-тен 18 жасқа дейін	19-дан 23 жасқа дейін	24-тен 29 жасқа дейін
Иә, есептеймін	71,0	74,4	62,2
Дәлірегі иә	24,3	21,5	30,9
Дәлірегі жоқ	2,8	2,0	4,0
Жоқ, есептемеймін	0,2	0,6	0,9
Жауап беруге қиналамын	1,6	1,5	2,0

**Кесте 7. Өзіңді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?
(ұлттық белгі бойынша, %)**

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Иә, есептеймін	73,4	45,5	72,4
Дәлірегі иә	22,9	44,1	19,3
Дәлірегі жоқ	1,8	6,5	5,1
Жоқ, есептемеймін	0,6	1,1	0,4
Жауап беруге қиналамын	1,3	2,8	2,8

Алайда, респонденттердің патриотизмін бағалау алдындағыларға карағанда бәсеңдеген (диаграмма 3). Мәселен, жастардың көбісі өздерін патриот деп есептейді – 38,2%, жартысынан азы – 14,7%. сұралғандардың 7% қазіргі жастардың патриот деп атауға болмайды деген көзқарасты білдірді.

Диаграмма 3. Қазақстандық жастарды патриот деп есептейсіз бе? (%)



Сұралғандар қазақстандық патриотизмнің негізі, ең алдымен, ұлттық бірлік, яғни Қазақстан халқын бір үлкен отбасы ретінде сезіну деген көзқарастарымен бөлісті – 34% (кесте 8).

Кесте 8. Қазақстандық патриотизмнің ең бірінші кезектегі негізі не болып табылады? (%)

	%
Қазақстан халқын бір үлкен отбасы ретінде сезіну	34,0
Өзінің туған өлкеңді, оның тарихы мен мәдениетін білу	19,8
Қазақстандық заңдарды құрметтеп, орындау	12,0
Адал еңбек, жеке кәсіпкерлікті дамыту	9,8
Отбасы құру, Қазақстанда өмір сүруді жоспарлау	7,7
Әскерде борышты өтеу	4,6
Қоғамдық қызмет, қоғамдық белсенділік	3,4
Мемлекеттік мүдделерді білдіру қабілеті, шетелде еліңнің бетке ұстар өкілі болу	3,2
Мемлекеттің саяси және экономикалық бағытын білу, оны қолдау	1,6
Жеке меншікке, нық материалды базаға иелену	1,5
Жауап беруге қиналамын	2,6

Сұралғандардың 74% үкіметтің олардың еріктері мен қажеттіліктерін ойлайтынымен келіседі (кесте 9).

Сұралғандардың 50% жастардың біздің қоғамда жеткілікті деңгейде құрметтелетініне сенбейді, ол өз кезегінде еліміздің менталитетіне сай, яғни әдетте құрметке иеленетіндер аға ұрпақ болып табылады.


Кесте 9. Келесі пайымдаулармен келісесіз ба, әлде жоқ па?

	Келісемін	Дәлірегі келісемін	Дәлірегі келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
Үкімет менің еркіндіктерім мен қажеттіліктерімді ойлайды	35,5	38,5	15,5	6,4	4,3
Мен біздің қоғамдағы жастардың жеткілікті деңгейде құрметтелетініне сенбеймін	14,1	26,9	32,0	21,1	6,1

2.2 Өмір деңгейіне қанағаттану

Сауалнаманың мәліметтері көрсетіп отырғандай, жастардың арасында өз өміріне қандай да бір деңгейде қанағаттанатындардың саны басым: толығымен қанағаттанған – 37,4%, шамамен қанағаттанған – 46,8% (диаграмма 3). Дегенмен, жастардың әрбір жетінші өкілі өз өміріне көңілі толмайды (біртұтас пайыз – 13,8%), 2,1% жауап беруге қиналды.

Диаграмма 3. «Өзіңіздің өмір сүру деңгейіңізге көңіліңіз толады ма?» (%)



Жас ұлғайған сайын өмірмен қанағаттану деңгейі төмендейді (кесте10), соған қарағанда тұрмыстық тәжірибе жинақталып, қажеттіліктер өсіп, оларды енді өз бетінше шешу жағдайы туындайды. Оған қоса, барлық жасөспірімдік үміттер орындалмай, күнделікті өмір оларды өзгерте бастайды.

Кесте 10. «Өзіңіздің өмір сүру деңгейіңізге көңіліңіз толады ма?» (жас ерекшелігі бойынша, %) сұрағы жауаптарының орналасуы

	14-тен 18 жасқа дейін	19-дан 23 жасқа дейін	24-тен 29 жасқа дейін
Толығымен қанағаттанамын	46,9	40,0	29,9
Дәлірегі қанағаттанамын	40,2	44,9	51,9
Дәлірегі қанағаттанбаймын	9,9	10,8	13,5
Толығымен қанағаттанбаймын	1,4	1,9	2,7
Жауап беруге қиналамын	1,6	2,5	2,0


Өмір деңгейіне қанағаттану дәрежесіне ұлттық белгі де әсер етеді. Алынған мәліметтер бойынша, бұл көрсеткіш қазақ жастары арасында жоғары (88,1%, кесте11), өзге ұлт өкілдері тобында (91,8%), ал орыс респонденттері арасында (75%) құрады.

Кесте11. «Өзіңіздің өмір сүру деңгейіңізге көңіліңіз толады ма?»(ұлттық белгі бойынша, %) сұрағы жауаптарының орналасуы

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Толығымен қанағаттанамын	36,9	24,3	58,3
Дәлірегі қанағаттанамын	48,2	50,6	33,5
Дәлірегі қанағаттанбаймын	10,5	20,1	6,7
Толығымен қанағаттанбаймын	2,0	3,4	0,8
Жауап беруге қиналамын	2,4	1,7	0,8

Жастардың басым бөлігі өз тұрғылықты мекендердің дамуына көңілдері толады (24,5%–толығымен, 45,3% –дәлірегі иә, диаграмма 4). Сұралғандардың тек бесінші бөлігі көңілдері толмайтындарын білдірді (25,3%), ал 4,9% бұл туралы нақты пікір білдіре алмады.

Диаграмма 4. «Тұрғылықты мекеніңіздің дамуына қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Тұрғылықты мекендерге қатысты сұрақта еліміздің батыс бөлігінде (Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары) және оңтүстік аймақтарда (Қызылорда, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары) тұратын жастар өмір сүру деңгейіне жоғары деңгейде қанағаттанса, онда шығыс (Шығыс Қазақстан облысы) немесе солтүстік аймақтарда (Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстары) бұл көрсеткіш төмен (кесте12). Астана және Алматы қалалары орташа позицияға иеленеді.

Кесте12. «Тұрғылықты мекеніңіздің дамуына қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)

Облыс	Толығымен қанағатта намын	Дәлірегі қанағат та намын	Дәлірегі қанағаттан баймын	Толығымен қанағатта нбаймын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	23,1	42,3	23,1	11,5	-
Ақтөбе облысы	32,7	48,5	16,8	2,0	-
Алматы облысы	17,7	62,3	9,3	8,4	2,3
Атырау облысы	7,4	48,5	20,6	4,4	19,1
Батыс Қазақстан облысы	21,9	28,8	36,3	8,2	4,8
Жамбыл облысы	11,6	48,8	9,9	2,5	27,3
Қарағанды облысы	34,7	54,2	8,3	1,4	1,4
Қостанай облысы	25,3	39,3	23,3	8,0	4,0
Қызылорда облысы	11,5	39,6	38,5	8,3	2,1
Маңғыстау облысы	39,3	58,4	-	2,2	-
Оңтүстік Қазақстан облысы	28,8	49,3	17,8	2,7	1,4
Павлодар облысы	15,2	51,9	19,0	5,1	8,9
Солтүстік Қазақстан облысы	10,7	39,3	26,8	23,2	-
Шығыс Қазақстан облысы	41,9	27,6	24,0	4,7	1,8
Астана қ.	1,0	74,0	20,2	1,0	3,8
Алматы қ.	28,4	46,4	16,1	3,3	5,7

Жастар өз тұрғылықты мекендерінде кәсіби өсім мен өмір сүру үшін мүмкіндіктерді бағалауда позитивті болып келеді. Мәселен, респонденттердің 17,1% оларды жеткілікті деп санаса, 35,5% дәлірегі жеткілікті деп есептейді (диаграмма 5).

Жалпы, қалыпты бағалаулардың жиынтықты пайызы теріс бағалаулардан басым болып келеді (52,6% және 43,2% сәйкесінше).

Диаграмма 5. «Сіздің ойыңызша, тұрғылықты мекеніңізде жастардың кәсіби өсімі мен өмір сүруі үшін қалыпты жағдайлар жеткілікті деңгейде жасалған ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жұмыспен қамтылу сұрағында өмірмен қанағаттану сұрағындағы секілді заңдылық байқалады (кесте13). Оқып жатқан жастарда практикалық

тәжірибе жоқ, сол себептен олардың келешек туралы үміттері оптимистік болып келеді. Және, керісінше, қиыншылықтарға дұшар болған, жұмыс іздеп жүруші, және өз-өздерін қалыптастыра алмаған жастарда бұл көрсеткіш едәуір төмен болып келеді.


Кесте13. «Сіздің ойыңызша, тұрғылықты мекеніңізде жастардың кәсіби өсімі мен өмір сүруі үшін қалыпты жағдайлар жеткілікті деңгейде жасалған ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жұмыспен қамтылу ерекшелігі бойынша, %)

	Жоқ, мен әлі оқимын	Оқимын және сонымен қатар жұмыс істеймін	Иә, жұмыс істеймін	Мен оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрген жоқпын	Мен оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрмін
Иә, жеткілікті	19,8	20,8	15,5	7,7	17,4
Дәлірегі жеткілікті	35,9	31,7	36,0	37,8	32,3
Дәлірегі жеткіліксіз	27,0	29,7	29,9	28,2	20,6
Жастар үшін мүмкіндіктер жоқ	10,9	14,9	16,0	22,4	25,2
Басқа	0,1	-	-	-	-
Жауап беруге қиналамын	6,3	3,0	2,6	3,8	4,5

Дегенмен, келешекке деген зор үміт жастардың көбісіне тән болып келеді: 75,8% ата-аналарына қарағанда олардың өмірі әлдеқайда жоғары болады деп есептейді (диаграмма 6). Олардың ішінде 52,9% айтарлықтай жақсы өзгерістерге, ал 22,9% аз да болса жақсы өзгерістерге үміттенеді. Бұл әдетте жасөспірімдік максимализм мен өз ата-анасынан озып түсу сезімінің көрінісі ғана болып табылады. Оның үстіне, позитивті бағдар жетістікке қол жеткізуге септігін тигізеді.

Сұралғандардың 13,7% олардың өмір сүру деңгейі ата-аналарынан ерекшеленбейді деген ойда болса, 1,9% бұл деңгейдің нашарлауын білдірді. 9,1% бірқалыпты жауап бере алмады.

Диаграмма 6. «Қалай ойлайсыз, ересек шағыңыздағы өмір сүру деңгейіңіз ата-анаңыздың өмір сүру деңгейінен ерекшеленетін болады ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Ересек жас топтары анағұрлым оптимисті болып келеді (кесте14): 14-тен 18 жасқа дейінгі жастардың 78% жақсы өзгерістерге үміттеніп келеді, 19-дан 23 жасқа дейін - 76,6%, 24-тен 29 жасқа дейін - 73,7%.

Кесте14. «Қалай ойлайсыз, ересек шағыңыздағы өмір сүру деңгейіңіз ата-анаңыздың өмір сүру деңгейінен ерекшеленетін болады ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшелігі бойынша, %)

	14-тен 18 жасқа дейін	19-дан 23 жасқа дейін	24-тен 29 жасқа дейін
Жақсарады	55,9	54,5	49,8
Шамамен жақсарады	22,1	22,1	23,9
Өзгермейді	11,1	13,7	14,5
Шамамен нашарлайды	1,0	0,6	1,1
Нашарлайды	1,2	0,3	1,3
Жауап беруге қиналамын	8,7	8,8	9,5


Қазақ (76,6%, кесте15) және өзге ұлт өкілдерінің жастары (81,3%) болашақтарына кәміл сенетіндіктерін атап өтті. Орыс ұлттының респонденттері арасында бұл көрсекіш төмен болып келеді (67,1%).

Кесте15. «Қалай ойлайсыз, ересек шағыңыздағы өмір сүру деңгейіңіз ата-анаңыздың өмір сүру деңгейінен ерекшеленетін болады ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Жақсарады	54,0	43,2	60,2
Шамамен жақсарады	22,6	24,9	21,3
Өзгермейді	12,1	20,3	11,0
Шамамен нашарлайды	1,2	-	0,4
Нашарлайды	0,7	2,3	0,4
Жауап беруге қиналамын	9,4	9,3	6,7

Елді мекенінде бар мүмкіндіктерге қарамастан сұралған жастардың 12,4% тұрақты өмір сүру мақсатында басқа елге кету ниеттерін білдірді (диаграмма 7), ал 39,7% – тек белгілі бір уақытқа кеткісі келетіндерін айтты. Сонымен қатар, көбісі – 45,4% өз елінде қалуды көздеп отыр.

Диаграмма 7. «Сізге басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Өз елінен көшіп кету ниеті әдетте қаржысы жеткілікті, яғни материалды жағдайы жоғары жастарға тиесілі болып келеді (кесте16).

Кесте 16. «Сізге басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (материалды жағдай бойынша, %)

	Біздің тамақтануға да ақшамыз жетпейді	Ақша тек бастапқы қажеттіліктерді қанағаттандыруға жетеді	Ақша тамақтану мен басты қажеттіліктерді қамтамасыз етуге жетеді дегенмен, тоназытқыш немесе кір жуу машинасын сатып ала алмаймыз	Ақша негізгі қажеттіліктерге киім-кешекке ірі тұрмыстық техникаға жеткенімен машина сатып ала алмаймыз	Ақша пәтер немесе саябақтан басқасының бәрінс жетеді	Материалды жағдайымыз жақсы, қаласақ, пәтер де сатып ала аламыз	Жауап беруге қиналамын
Men өз елімде қалар едім	62,5	46,8	45,0	42,2	46,1	39,1	51,3
Men басқа елде уақытша тұрар едім, бірақ өз елімде қалу ойым бар	22,5	37,0	39,8	44,8	42,5	45,7	22,4
Men басқа елді тұрақты мекендегім келеді	10,0	14,5	12,6	11,3	10,4	13,0	10,5
Басқа	-	-	-	-	0,5	-	-
Жауап беруге қиналамын	5,0	1,7	2,7	1,7	0,5	2,2	15,8

Басқа елді тұрақты мекендеуді қалайтындардың пайызы 14-тен 18 жасқа дейінгі жас тобында жоғары екенін байқаймыз, ол өз кезегінде олардың жұмыс орны, оқуы немесе отбасының жоқтығымен, олардың алдында кедергі жоқтығымен байланысты болып келеді (13,7%, кесте17). Жас ұлғайған сайын

бұл үрдіс шамамен бәсеңдегенімен, әдетте жастарға белсенділік, қозғалмалылық тән болып келеді.

Кесте17. «Сізге басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшелігі бойынша, %)

	14-тен 18 жасқа дейін	19-дан 23 жасқа дейін	24-тен 29 жасқа дейін
Мен өз елімде қалар едім	42,1	47,7	45,5
Мен басқа елде уақытша тұрар едім, бірақ өз елімде қалу ойым бар	40,4	38,1	40,4
Мен басқа елді тұрақты мекендегім келеді	13,7	11,7	12,2
Басқа	-	-	0,1
Жауап беруге қиналамын	3,8	2,5	1,9

Орыс ұлттының респонденттері арасында миграциялық үрдістер әсіресе айқын байқалады (38,7%, кесте 18), бұл көрсеткіш орташа мәннен үш есе жоғары (12,4%). Өз елінде қалу ниеті қазақ жастары (50,5%) және өзге ұлт өкілдері арасында да жоғары болып келеді (41,3%).

Кесте 18. «Сізге басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Мен өз елімде қалар едім	50,5	28,0	41,3
Мен басқа елде уақытша тұрар едім, бірақ өз елімде қалу ойым бар	41,0	29,4	46,5
Мен басқа елді тұрақты мекендегім келеді	6,0	38,7	10,6
Басқа	0,1	-	-

Ұлттық фактор аймақтардан да байқалады: өзге елге кеткісі келетіндердің басым пайызы орыс ұлт өкілдері кеңінен тараған солтүстік аймақтарда (Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар) жоғары болып келеді (кесте19).

Кесте 19. «Сізге басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)

Облыс	Мен өз елімде қалар едім	Мен басқа елде уақытша тұрар едім, бірақ өз елімде қалу ойым бар	Мен басқа елді тұрақты мекендегім келеді
Ақмола облысы	44,9	43,6	11,5
Ақтөбе облысы	44,6	44,6	5,9
Алматы облысы	60,0	29,8	5,1
Атырау облысы	38,2	50,0	11,8
Батыс Қазақстан облысы	48,6	31,5	14,4

Облыс	Мен өз елімде қалар едім	Мен басқа елде уақытша тұрар едім, бірақ өз елімде қалу ойым бар	Мен басқа елді тұрақты мекендегім келеді
Жамбыл облысы	39,7	39,7	20,7
Қарағанды облысы	68,1	22,2	6,9
Қостанай облысы	44,7	32,0	19,3
Қызылорда облысы	45,8	28,1	24,0
Маңғыстау облысы	76,4	20,2	3,4
Оңтүстік Қазақстан облысы	47,9	39,7	6,8
Павлодар облысы	38,0	30,4	25,3
Солтүстік Қазақстан облысы	39,3	19,6	41,1
Шығыс Қазақстан облысы	36,7	60,1	3,2
Астана қ.	36,5	44,2	14,4
Алматы қ.	35,5	46,4	16,1

2.3 Жастардың өзекті мәселелерінің рейтингісі

Жастардың басынан кешіретін мәселелері ең алдымен, олардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктерімен негізделген.

Жастар жеткілікті түрде материалды қамтылмаған, өзіндік баспанаға иеленбейді, көп жағдайда ата-аналарына тәуелді, соған байланысты оның жағдайына экономикалық факторлар әсер етеді. Олардың қатарына жұмыспен қамтылу мәселелері (51,7%, кесте 20), материалды қиыншылықтар (50,5%), азық-түлік, халық тұтынатын тауарлардың қымбатшылдығы (44,5%), жоғары білім алудың қымбаттығы (42,2%), баспанының жоқтығы (41,8%) кіреді.

Рухани факторлар да маңызды болып келеді. Қазіргі таңда ізгілікті бағдарларды жоғалту, дәстүрлі нормалар мен құндылықтардың шайылып кету үрдісі күшейіп келеді. Жастар өтпелі және тұрақсыз әлеуметтік топ ретінде жағымсыз үрдістер алдында әлсіз, сәйкесінше, психикалық және физиологиялық тәуелділік мәселелері, яғни нашақорлық, токсикомания, ішімдік, темекі тарту (15,9%), діни экстремизм (10,6%), қылмыстық (15,1%), руханисыздық, мәдениеттің төмен деңгейіне дұшар болады (14,4%). Жастар әдетте өздерінің бос уақыттарын тиімді өткізе алмайды (18,4%), ертеңге күнге сенімсіздікпен қарайды (15,7%), жеке өмірлері қалыптаспаған болып келеді (9,9%), ата-аналарымен және аға ұрпақпен келіспей жүреді (6,6%).

Кесте 20. «Өз елді мекеніңіздегі жастардың ең өзекті мәселелерін атап өтіңіз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық мәселелері	51,7
Материалды қиыншылықтар (төмен жалақы, шәкіртақы және т.б.)	50,5
Азық түлік пен халық тұтынатын тауарлардың қымбаттығы	44,5
Жоғары білім алудың қиыншылықтары (қымбаттығы)	42,4
Баспана мәселесі	41,8
Демалыс мәселесі, бос уақытты өткізетін жер жоқ	18,4
Нашақорлық, токсикомания және алкогольизм, темекі	15,9
Ертеңгі күнге сенімсіздікпен қарау	15,7
Жастар арасындағы қылмыс	15,1

	%
Мәдениеттің төмен деңгейі, жастардың руханилықтан жат болуы	14,4
Жастар ортасындағы діни экстремизм	10,6
Жеке өмірдің қалыптаспағандығы	9,9
Денсаулықтың нашар деңгейі	9,4
Жеке қауіпсіздік қатері(көше бойын аралап жүру қорқынышты)	7,2
Ата аналармен / аға буынмен жанжалдасу, туыстар мен жақындарыңды түсінбеу	6,6
Жоғары жылдамдықтағы ғаламторға, сапалы ұялы байланысқа қол жеткізе алмау	4,2
Басқа (жеке істің ашылуы, неке қию сарайының болмауы, білім берудің төмен деңгейі)	0,7
Ешқандай мәселе мазаламайды	4,6
Жауап беруге қиналамын	0,7

Респонденттердің жеке мәселелерінің ішінде жоғарыда сипатталған жалпы үрдістер басым болып келеді – қаржылық қиындықтар (47,1%, кесте21), жұмыспен қамтылудың қиыншылықтары (30%), баспана мәселесі (23,6%) және т.б.

Оларға қандай да бір нақты жағдаймен байланысты мәселелер де қосылады: болашақ мамандықты таңдаудағы қиыншылықтар (12%) немесе жоғары оқу орнын таңдаудағы (7,4%), ҰБТ тапсыру қорқынышы (10,1%), жоғары оқу орнына түсу емтихандарына дайындалу (8,5%).

Кесте 21. «Өзіңді қандай мәселелер толғандыратынын айтыңызшы?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Қаржылық қиыншылықтар, ақшаның жетіспеушілігі	47,1
Жұмыспен қамтылудың, әсіресе мамандық бойынша жұмыс табудың мәселелері	30,0
Баспана мәселелері	23,6
Келешек мамандық таңдаудың қиыншылығы	12,0
ҰБТ тапсырудан қорқыныш	10,1
Денсаулық мәселелері	9,8
Жоғары оқу орнына түсу емтихандарына дайындалу	8,5
Жоғары оқу орнын таңдаудағы қиыншылықтар	7,4
Ата анамен, жақын туыскандармен түсініспеушілік, жанжалдасу	6,6
Достардың болмауы	4,6
Басқа <i>(соғыстан қорқамын, балабақшалардың сапасыздығы, университеттерде оқудың қымбаттылығы, өз өзімді жеңу, махаббат мәселелері, оқуды сәтті аяқтау, жұмыс бойынша көтерілу, өз бизнесімді көтеру, мұндай қиын жағдайда күн көру мәселесі, ертеңге күнге сенімсіздікпен қарау, өз балаларымның болашағы)</i>	0,6
Мені ешқандай мәселелер толғандырмайды	17,4
Жауап беруге қиналамын	1,0

Жастардың әдетте отбасыда қолдауға иеленетіндері анық байқалады, сол себептен олардың мәселелеріне қызығушылық білдіретіндер ата-аналар, туыстар мен жақын адамдар болып табылады (88,6%, кесте22). Оған қоса, қолдайтындардың қатарына достар, курстастар, көршілерді де жатқызуға болады (54%).

Қоғамдық институттар мен ұйымдардың өкілдері жастардың мәселелеріне қатысты қызығушылық білдіріп отырады, мысалға сынып жетекшілері (5,8%), мектеп директорлары, ЖОО ректорлары, мекемелердің жетекшілері (2,3%), Жастар ресурстық орталықтың қызметкерлері (1,5%), саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер өкілдері (0,9%), әкімдік, маслихат (0,7%), діни ұйымдар (0,6%), үкіметтік емес жастар ұйымдары (0,6%).

Сұралғандардың 0,9% ақырғы жарты жыл ішінде ешкімнің де олардың мәселелеріне көңіл бөлмегендерін айтса, 3,1% жауап беруге қиналды.


Кесте22. «Ақырғы жарты жыл ішінде сіздің мәселелеріңізге көңіл бөлгендер бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Ата аналар, туыстар, жақындар	88,6
Достарым, курстастарым, әріптестерім	54,0
Сынып жетекшісі, топ кураторы	5,8
Мектеп директоры, жоо ректоры, ұйым жетекшісі	2,3
Жастар ресурстық орталығының өкілі	1,5
Саяси партия, қоғамдық қозғалыстың өкілі	0,9
Әкімдік, маслихат өкілі	0,7
Діни ұйымның өкілі	0,6
Үкіметтік емес ұйымның өкілі	0,6
Басқа (мәселе жоқ, полиция, военкомат)	0,1
Ешкім менің мәселелеріме көңіл бөлген жоқ	0,9
Жауап беруге қиналамын	3,1

2.4 Жастар арасында әлеуметтік шиеленістің себептері мен деңгейі

Респонденттердің басым бөлігі, олардың өмірлері анағұрлым қауіпсіз деп санайды (27% –қауіпсіз, 32% –дәлірегі қауіпсіз, диаграмма 8). Сонымен қатар сұралған жастардың үштен бір бөлігі өмірдің қауіпсіздігі төмендеп бара жатыр деп ойлайды (дәлірегі қауіпсіз – 23,6%, қауіпсіз – 8,8%). 8,6% бұл сұраққа жауап бере алмады.

Диаграмма 8. «Сіздің сезінуіңіз бойынша өміріңіз қауіпсіз болып бара жатыр ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)




Жаппай қорқыныш-үрей әлеуметтік ортада қалыптасқан жағдаймен негізделген, олардың мазмұны жеке және қоғамдық өмірдің ең маңызды салаларын қамтиды. Еліміздің қауіпсіздігіне қатысты жастар діни радикализм мен экстремизм мәселесіне (51,2%, кесте23), ақпараттық провокациялар мен бақыланбайтын интернеттің қаупіне (32,3%), жаппай жұмыссыздық пен халықтың кедейленуіне қатысты алаңдаушылық білдіреді (27,3%).

Кесте 23. «Сіздің ойыңызша, еліміздің қауіпсіздігіне қандай залал көп жағдайда қауіп келтіреді?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Діни радикализм мен экстремизм	51,2
Ақпараттық провокациялар, бақыланбайтын интернет	32,3
Жаппай жұмыссыздық пен халықтың кедейленуі	27,3
Тәуелсіздікті жоғалту қаупі	12,5
Ұлттық ерекшелік пен дәстүрлерді жоғалту	12,0
Экологиялық апаттар, судың, ауаның ластануы	11,3
Қоғамдағы наразылық көңіл-күйлердің, әлеуметтік шиеленістің өсуі	9,4
Ұлтаралық шиеленіс, жанжалдар	7,9
Сепаратизм, территориялардың бөлінуіне қатысты үндеулер	7,1
Жаппай эпидемиялар, аурулар	6,5
Демократиялық еркіндік пен құқықтардың тапталуы	5,8
Жылу мен энергиямен қамтамасыз етудегі ауытқулар	3,1

Өз елді мекенінде наразылық акцияларының пайда болу ықтималдылығын бағалауда көптеген респонденттер бұл ықтималдылықтың төмен екенін айтты (диаграмма 9): 26,7% мұндай жағдайды түбегейлі жоққа шығарып отыр, 41,1% – болжамдар. Сұралғандардың 7,1% ондай акциялардың мүмкін екеніне кәміл сенеді, 14,6% шамалап бағалап отыр.

Диаграмма 9. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Тұрғылықты мекенде наразылық акциялары орын алу ықтималдылығын растағандардың көбісі ересек жас топтары (кесте24). Қалыпты жауаптардың

жиынтықтық пайызы 19-дан 23 жасқа дейінгі топта 21,4% және 24-тен 29 жасқа дейінгі топта 24% құраса, 14-тен 18 жасқа дейінгі топта – 17,9% құрап отыр. Бұл жерде жас ұлғайған сайын әлеуметтік үрдістерге кеңінен араласу деңгейіне қарай қоғамда жүріп жатқан үрдістер туралы ақпараттану деңгейі жоғарылану факторы әсер етеді.

Кесте 24. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14-тен 18 жасқа дейін	19-дан 23 жасқа дейін	24-тен 29 жасқа дейін
Иә	6,0	6,9	7,7
Дәлірегі иә	11,9	14,5	16,3
Дәлірегі жоқ	41,4	41,0	40,9
Жоқ	29,8	28,5	23,5
Жауап беруге қиналамын	10,9	9,0	11,6

Ұлттық белгі бойынша қазақ жастары наразылық акцияларының ықтималдылығы туралы жиірек айтты (жиынтықты пайыз– 24,3%, кесте25). Орыс жастары арасында бұл мәселеге қатысты бағалаулар орташа болып келеді (15,3%), ал өзге ұлттар арасында бұл көрсеткіш (16,1%) құрап отыр.

Кесте 25. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Иә	7,8	7,1	3,1
Дәлірегі иә	16,5	8,2	13,0
Дәлірегі жоқ	38,8	44,6	48,8
Жоқ	25,2	31,6	28,0
Жауап беруге қиналамын	11,7	8,5	7,1

Қызылорда облысы (50,5%, кесте 26), Алматы қ.(48,8%), Атырау (41,1%) және Ақтөбе (37,6%) облыстарының жастары наразылық акцияларының болу ықтималдылығын жоғары деп бағалайды. Бұл мәліметтер жоғарыда аталған үш аймаққа қатысты түсінікті болып келеді, оған өз кезегінде жақында болған жайттар себеп болып келеді, бірақ Қызылорда облысындағы наразылық жағдайды назарға алу керек.

Жамбыл (0%), Қостанай (1%), Батыс Қазақстан (5,6%) облыстары мен Астана қаласы (6,7%) жастарының жауаптары олардан ерекшелінеді.

Кесте 26. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)

Облыс	Иә	Дәлірегі иә	Дәлірегі жоқ	Жоқ	Жауап беруге киналамын
Ақмола облысы	10,3	10,3	24,4	53,8	1,3
Ақтөбе облысы	10,9	26,7	22,8	12,9	26,7
Алматы облысы	8,8	11,6	43,7	27,4	8,4
Атырау облысы	2,9	38,2	20,6	17,6	20,6
Батыс Қазақстан облысы	6,8	1,4	49,3	34,9	7,5
Жамбыл облысы	-	-	95,9	0,8	3,3
Қарағанды облысы	2,8	2,8	19,4	62,5	12,5
Қостанай облысы	4,7	18,7	42,0	22,7	12,0
Қызылорда облысы	-	1,0	50,0	49,0	-
Маңғыстау облысы	21,3	29,2	25,8	15,7	7,9
Оңтүстік Қазақстан облысы	-	15,1	37,0	24,7	9,6
Павлодар облысы	-	8,9	40,5	26,6	24,1
Солтүстік Қазақстан облысы	1,8	8,9	46,4	35,7	7,1
Шығыс Қазақстан облысы	1,8	17,6	45,2	26,4	9,1
Астана қ.	-	6,7	47,1	39,4	6,7
Алматы қ.	21,8	27,0	22,7	12,3	16,1

Ойлағанымыздай, сұралғандарды бұқаралық наразылық акцияларына қатысуға итермелейтін негізгі себептер материалды жағдайдың нашарлауымен байланысты болып келеді: азық-түлік, ЖӨ, дәрі-дәрмектің қымбаттауы (12,9%, кесте27), жұмыстан қысқартылу (12,2%), жалақыны, зейнетақыны, шәкіртақыны кешіктіріп төлеу (9,7%), коммуналды қызмет көрсетулерге деген тарифтердің өсуі (7,5%) және т.б.

Оған қоса, респонденттердің 8,4% үшін наразылықтың негізі ретінде билік әрекеттеріне көңіл толмаушылық болуы да мүмкін.

Кесте 27. «Қандай мәселе сізді ашық наразылық акциясына қатысуға мәжбүрлей алады» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Азық түлік, ГСМ, дәрі дәрмектердің қымбаттауы	12,9
Жұмыстан қысқартылу немесе шығарылу	12,2
Жалақыны, зейнетақыны, шәкіртақы мен жәрдемақыларды кешіктіріп төлеу	9,7
Билік әрекеттеріне көңіл толмаушылық	8,4
Коммуналды қызмет көрсету тарифтерінің негізсіз өсуі	7,5
Баспана мәселесі	7,3
Негізделмеген айыппұлдар	7,2
Соттың әділетсіз шешімдері	6,7
Медициналық мекеме қызметкерлерінің елеусіз әрекеттері	5,9
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	5,8
Ипотека бойынша төлемдердің өсуі	5,3
Мектеп, ЖОО, колледждағы мәселелер	5,1
Қабылданып жатқан реформаларды қолдамау	4,5

	%
Білім берудің төмен деңгейі	2,8
Ұлттық белгі бойынша құқықтардың бұзылуы	1,9
Басқа (<i>қауіпсіздіктің болмауы, жастар арасындағы қылмыс</i>)	0,6
Ешбір мәселе мені ашық наразылық танытуға мәжбүрлемейді	46,5
Жауап беруге қиналамын	10,1

Респонденттердің негізгі бөлігіне өз мүдделерін қорғауда белсенді немесе енжарлық позиция тән болып келеді – 39,7% бұған қатысты ешбір әрекетке бармайды (кесте28).

Жастардың негізгі тобынан сұралғандардың көбісі өз мүдделерін қорғау үшін өркениетті бейбіт әдістерді қолданады. Мысалға, 20,2% сотқа, 12% – «Нұр Отан» партиясына, 9,9% – бұқаралық ақпарат құралдарына, 8,1% – мемлекеттік билік өкілдеріне жүгінеді. Бұл жауаптар жастардың мемлекет пен оның институттарына деген сенімінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Кесте 28. «Өз мүдделеріңізді қорғау үшін қандай әрекеттерге барар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)


	%
Сотқа барам	20,2
«Нұр Отан» партиясының қабылдауына жүгінем	12,0
Газет, телевидение, радиоға шағымданамын	9,9
Мемлекеттік билік өкілдерінің қабылдауына барам	8,1
Бейбіт демонстрацияға қатысамын	7,6
Жұмыс пен оқуға бармай қоямын	3,7
Аштық жариялаймын	3,6
Сотқа барам	2,4
Жолдар мен тасжолдарды жабуға қатысамын	1,4
Парақшалар мен прокламацияларды таратамын	1,4
«Нұр Отаннан» басқа кез келген саяси партияға барам	1,3
Басқа	0,2
Еш нәрсе жасамаймын	39,7
Жауап беруге қиналамын	12,5

2.5 Жемқорлық деңгейін бағалау

Сауалнамаға қатысқан жастардың жемқорлық феноменін қабылдауы біртепті – олардың көбісі өздері тұрып жатқан аймақтарындағы жемқорлықтың бар екендігін атап өтті (кеңінен – 34,6%, аздап – 35,3%, диаграмма 10).

Жоғарыда аталып өткендей жемқорлық жастардың өзекті мәселесі де, наразылық акцияларды қоздырушы фактор болып табылмайды (кестелер 20-21), (кесте27).

Диаграмма 10. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жемқорлықтың таралу деңгейін бағалау ересек топтарда жоғары болып келеді (19-дан 23 жасқа дейін – 71,9%, 24-тен 29 жасқа дейін – 75,9%, кесте 29). Наразылық көңіл-күйлермен қатар бұл жерде үлкен әлеуметтік хабардарлық та үлкен рөл атқарып отыр.

Кесте 29. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14-тен 18 жасқа дейін	19-дан 23 жасқа дейін	24-тен 29 жасқа дейін
Жеткілікті түрде кең таралған	21,9	35,6	41,2
Аздап таралған	34,8	36,3	34,7
Таралмаған	10,7	8,8	6,9
Мүлдем жоқ	3,8	4,6	3,2
Жауап беруге қиналамын	28,8	14,7	14,0

Жұмыс істеп жүрген респонденттер оқушы жастарға қарағанда жемқорлықтың көріністерімен жиі қақтығысуы мүмкін, сол себептен олардың бағалаулары да жоғары болып келеді (кесте30).

Кесте 30. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жұмыспен қамтылу бойынша, %)

	Жоқ, мен оқимын	Оқимын және жұмыс істеймін	Жұмыс істеймін	Оқымаймын жұмыс істемеймін жұмыс іздеп жүргенім жоқ	Оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеудемін
Жеткілікті түрде кең таралған	26,7	35,6	38,0	40,4	42,6
Аздап таралған	34,9	30,7	37,3	30,8	33,5
Таралмаған	9,9	9,9	6,5	10,9	9,7
Мүлдем жоқ	4,3	3,0	3,8	3,2	1,9
Жауап беруге қиналамын	24,2	20,8	14,3	14,7	12,3

Орыс ұлтының жастары жемқорлықтың таралу деңгейін жоғары бағалайды (73,4%, кесте31), қазақ (69,1%) және өзге ұлт өкілдері (69%) салыстырмалы түрде төмен бағалап отыр.

Кесте 31. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Жеткілікті түрде кең таралған	32,4	39,8	39,4
Аздап таралған	36,7	33,6	29,5
Таралмаған	7,9	7,1	13,4
Мүлдем жоқ	4,4	3,7	0,8
Жауап беруге қиналамын	18,6	15,8	16,9

Жастардың ойынша жемқорлық Астана қаласында кеңінен таралған (86,5%, кесте32). Бұл өз кезегінде астанадағы мемлекеттік органдардың кеңінен шоғырлануымен түсіндіріледі.

Кейінгі орындарға Қостанай (84,4%), Атырау (79,4%), Оңтүстік Қазақстан (78,6%), Ақмола (75,6%) облыстары орналасқан.


Кесте 32. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)

Облыс	Жеткілікті түрде кең таралған	Аздап таралған	Таралмаған	Мүлдем жоқ	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	39,7	35,9	11,5	2,6	10,3
Ақтөбе облысы	15,8	52,5	5,9	5,9	19,8
Алматы облысы	14,9	46,0	9,3	4,2	25,6
Атырау облысы	19,1	60,3	20,6	0,0	0,0
Батыс Қазақстан облысы	34,2	35,6	8,9	2,7	18,5
Жамбыл облысы	53,7	4,1	0,8	0,0	41,3
Қарағанды облысы	22,2	38,9	4,2	1,4	33,3
Қостанай облысы	36,7	22,0	10,0	10,0	21,3
Қызылорда облысы	32,3	52,1	10,4	4,2	1,0
Маңғыстау облысы	12,4	59,6	5,6	6,7	15,7
Оңтүстік Қазақстан облысы	46,6	16,4	6,8	17,8	12,3
Павлодар облысы	26,6	30,4	11,4	3,8	27,8
Солтүстік Қазақстан облысы	35,7	30,4	12,5	1,8	19,6
Шығыс Қазақстан облысы	52,8	25,8	8,5	0,0	12,9
Астана қ.	32,7	53,8	1,9	2,9	8,7
Алматы қ.	39,3	31,3	10,0	4,3	15,2

Мемлекеттің жемқорлыққа қарсы қолданып жатқан шараларын 46,4% тиімділігі төмен деп атады (диаграмма 11), ал 19% – өте тиімді деп бағалады. 14,4% үшін олардың түк тиімділігі жоқ. 1,9% олардың жағымсыз ықпалын

белгілеп өтті. Шамамен әрбір бесінші респондент жауап беруге қиналды (18,5%).

Диаграмма 11. «Мемлекеттің жемқорлыққа қарсы қолданатын шараларын қалай бағалар едіңіз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Ересек жас топтары оңды бағалаулар берсе (кесте33), 14-тен 18 жасқа дейінгі респонденттер жауап беруге қиналды (28%).

Кесте 33. «Мемлекеттің жемқорлыққа қарсы қолданатын шараларын қалай бағалар едіңіз» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшелігі бойынша, %)

